

Өткізілген мерзімі: 27.08.2022ж

Қатысқандар саны-8

Күн тәртібінде:

1.МКҚК «Хадиша ана» бөбекжай балабақшасының 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспармен таныстыру және бекіту.

2.Мектепке дейінгі тәрбие мен үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны білім беру сапалары арқылы іске асыруда өтпелі тақырыптарға преспективалық жоспар құру үлгісін жасау жөніндегі әдістеме

3.Әр топтың 2022-2023 оқу жылына арналған жылдық оқу жоспарымен жас ерекшеліктеріне сай ішкі күн тәртібімен ұйымдастырылған оқу қызметінің кестелерін бекіту.

Топтардағы ағымдық құжаттарды бекіту

Балабақша меңгерушісі Н.Омарова кезекті процесті ашып берді. Педагогтарды жаңа оқу жылымен құтықтап,табыстар тіледі.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша тыңдады:

1.МКҚК «Хадиша ана» бөбекжай балабақшасының 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспармен таныстыру және бекіту туралы айтылды.

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны білім беру сапалары арқылы іске асыруда өтпелі тақырыптарға преспективалық жоспар құру үлгісін жасау жөніндегі әдістемесі талкыланып,жаңа оқу жылындағы өзгерістер туралы баяндалды.

3.Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша балабақша топтарының жас кезеңіне сәйкес оқу әрекет кестесін,күн тәртібін бекіту туралы әдіскер А.Туленова бекітіп,түсіндірді.

2022-2023 оқу жылына Мектеп жасына дейінгі баланың жалпы адамгершілік құндылықтарын танып, біліп, меңгеру нәтижесінде баланың жеке тұлғасын, ішкі жан дүниесін қалыптастырып, тілін жетілдіріп, өзін – өзі тануы арқылы қоршаған ортаға деген көзқарасын дамыту мақсатында :

- баланың өмірін сақтау және денсаулығын нығайту, толыққанды дене бітімін дамыту, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

- Рухани-адамгершілік тәрбие мазмұнын қарапайым сүйіспеншілік, денсаулық, достық, бақыт сияқты құндылықтарға баулу.

- Баланың өз бойындағы жақсы қасиеттері негізінде жаман әдеттерден бойын аулақ ұстауға үйрету.

- Күнделікті бірлесе атқаратын іс – қимылдар барысында балалардың бойында қоршаған орта құбылыстарымен адамгершілік қарым – қатынас жасау міндеті алынды.

Жылдық жоспарда осы міндеттерді шешу мақсатында жұмыстар жоспарланған.

Педагогтардың біліктілігіне санатына байланысты кадр мүшелерін топтарға бөлді. Және әр тәрбиеші өз ісіне мұқият, әрі талапқа сай қарауын, балаларды жаңа бағдарлама, жаңа технологияны пайдалана отырып ойлау қабілеттерімен сөйлеу мәнерінің дамуына үлестерін аямай қосуды айтып кетті.

1.2022-2023 оқу жылының жылдық міндеттемесімен, жылдық жоспары бекітілсін. Жылдық жоспар негізінде жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізілсін. Жауапты А.Туленова

Орындалу мерзімі оқу жылы барысында.

2.Жас топтарына сәйкес құрылған оқу жоспары, күн тәртібі, оқу қызметінің жүктемелік кестесі және-перспективтік жоспары бекітілсін. Ұйымдастырылған оқу қызметі бекітілген оқу жоспары мен жүктемеге, перспективтік жоспарға сәйкес жүргізілсін. Жауапты топ тәрбиешілері. Орындалу мерзімі оқу жылы барысында.

Педагогикалық кеңес төрайымы

Хатшы



Н.Омарова
А.Туленова

Н.Омарова

А.Туленова

Өткізілген мерзімі: 14.09.2022ж

Қатысқандар саны-8

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Педагогикалық аттестаттау бойынша құжаттар дайындау
2. Кеңес «Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?»
3. Денсаулық сақтау технологиясының тиімді әдіс тәсілдерінің оқу қызметтеріне енгізу.
4. Ашық оқу қызметтерінің қорытындысы.

Балабақша меңгерушісі Н.Омарова педагогикалық кеңесті ашып берді. Бөбекжайды одан әрі көркейтіп, дамытып, ұжым мүшелеріне ұйымшылдықпен бірге жұмыс жасауға шақырды. Одан әрі қарай бөбекжай әдіскеріне сөз кезегі берілді.

1.Тыңдалды: А.Туленова

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-тарау, 59- бабының 4- тармағына сәйкес өзіндік аттестаттау өткізілетіндігін айтып өтті.. Сол себепті өзіндік аттестаттау өткізу үшін аттестаттау комиссиясының құрамын сайлауға шақырды. Аттестаттау комиссиясының құрамына аттестаттау комиссиясының төрағасы, төраға орынбасары, аттестаттау комиссиясының мүшелері енгізіледі. Енді осы сұрақ бойынша пікірлеріңізді ортаға салсаңыздар.

2.Тыңдалды: Балабақша әдіскері А.Туленова сөз алып, бөбекжайда балалардың дені сау болып өсуі үшін ең басты қағидаларды атап өтті. Балалар мекемелерінде дене тәрбиесінің мазмұны жүргізілуіне, дене жаттығулары, табиғаттың сауықтырушы күші, гигиеналық және әлеуметтік – тұрмыстық факторлар қолданылуы туралы, дене жаттығуы- дене тәрбиесінің негізгі және ерекше құралы, ол педагогтың арнайы іріктеп алған, әдістемелік дұрыс ұйымдастырылған және басқаруға болатын қозғалыс пен қозғалыс қызметінің күрделі түрлерін қамтитынын айтып кетті. Дене жаттығуы баланың жан- жақты жетілуіне ықпал ететіндігін, дене тәрбиесінің негізгі мазмұны денені жаттықтыру болып табылатындығын атап, мынадай түрлерге бөлінуін көрсеті.

- Таңертеңгілік жаттығу
- Қимыл- қозғалыс ойындары, спорт ойындары.
- Спорттық жаттығулар.

Бөбекжайдағы дене тәрбиесін ұйымдастырудың түрлері: күн әртібі бойынша сауықтыру шаралары (таңертеңгілік жаттығу, қимыл- қозғалыс ойындары,

серуен кезіндегі жаттығулар мен спорттық ойындар, сергіту сәттері, ауладан тыс жерге саяхат жасау, спорттық ойын сауықтар).

Дене шынықтыру балалардың денсаулығын сақтап, нығайтатындығын және дене мүсінінің сұлулығын қалыптастырып, қимыл- қозғалыс қабілетінің белсенділігін арттыруына ықпал ететіндігін айта өтті. Дені сау, рухы таза ұрпақ өсіру ең маңызды мәселе дей отырып, біздің балабақшадағы басты міндетіміз: баланың денсаулығын нығайту, шынықтыру, түрлі аурулардың алдын-алу сақтану жұмыстарын дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы жүргізілед деп сөзін аяқтады.

1.Сөз сөйлеген : Тәрбиеші М.Нускабаева Балабақшадағы балалардың дені сау болып өсу үшін осы кеңестерді ескере отырып жұмыс жасайтындығын айтып өтті.

3. Тыңдалды: әдіскер А.Туленова бөбекжайдағы таңертеңгі келген уақыттан бастап күн тәртібі бойынша сауықтыру шараларын (таңғы жаттығу, қимылдық ойындар, сергіту сәттері, серуен кезіндегі спорттық ойындар мен жаттығулар, спорттық мерекелер, ойын – сауықтар) өткізетіндігіміз туралы айтып, дене шынықтыру оқу қызметі балаларды қимылға үйретудің негізгі қалыбы болып табылатындығын айтты. Ол әрбір жас топтарында аптасына 3 рет өткізіледі. Дені сау, рухы таза ұрпақ өсіру ең маңызды мәселе дей отырып, біздің балабақшадағы басты міндетіміз: баланың денсаулығын нығайту, шынықтыру, түрлі аурулардың алдын-алу сақтану жұмыстарын дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы жүргізіледі. Денсаулықты нығайту мақсатында түрлі спорттық сауықтыру жұмыстарын ұйымдастырады. Оған : Шынықтыру жұмыстары күн, су, ауа, су құю, сүртіну

Дене шынықтыру оқу іс- әрекеті таза ауадағы қимылдық ойындар.

Денсаулықты жақсарту мәселелерін шешу әдістері.

Дәрумендер теропиясы

Психо жаттығулар

Жалпақ табан, омыртканың қисаюының алдын- алу.

Дем алу, сергіту жаттығулары.

Осы кесте бойынша барлық топтарда жұмыстар жүргізілетіндігін айтып өтті

4. Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Н.Омарова сөз алып, өтілген ашық оқу қызметінің жақсы өтілгендігін, қатынас саласының «Алтын күз» тақырыбы балалардың сөйлеу мәнерінің дамуына, ой-өрісінің дамуына үлкен септігін тигізетіндігін айтып өтті. Алдағы уақытта осындай ашық сабақтарда барлық педагогтардың мұқият қатысып, ой түртіп алуын ескерте кетті. Сонымен қатар ашық оқу қызметінде көрнекіліктердің өте керемет екендігін, балалардың назарын тәрбиеші бірден өзіне қарату жағдайының бар екендігін айта өтті, бұл дегеніміз балардың сабаққа қызыға қарайтындығын көп нәрсені ойына түйетіндігін айта өтті.

1. Әдіскер А.Туленова ашық оқу қызметінің жақсы дәрежеде өткендігін айта келе тақырып, көрнекіліктер жас ерекшелігіне сай екендігін айтты. Балалардың әр оқу қызметінде белсене қатысатындығының көрініп тұрғандығын айта кетті.

Шешім:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-тарау, 59-бабының 4- тармағына сәйкес өзіндік аттестаттаудан өтетін педагогтардың тізімі бекітілсін.

2. Еңбасты мәселе бала денсаулығының жақсы қалыптасуы мәселесі екендігін ескере отырып, айтылып өтілген кенестерді әрбір оқу қызметінде қолданылуы талап етілсін.

3. Денсаулықты нығайту мақсатында түрлі спорттық сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру қолға алынсын.

4. Жас мамандардың ашық оқу қызметіне қатысуы қадағалалансын.

Педагогикалық кеңес төрағасы

Хатшы



Н.Омарова
А.Туленова

Н.Омарова

А.Туленова

Хаттамасы №3

Өткізілген мерзімі: 22.12.2022ж

Қатысқандар саны-8

Күн тәртібі

1. I-жарты жылдағы оқу-тәрбие жұмыстарына аналитикалық есеп беру
2. I-жарты жылдықтағы білім дағдыларын диагностикалау. Аралық диагностика
3. Ұйымдастырылған оқу қызметі «Асық терапиясы» қолдану
4. Жарты жылдықта ауырған балалардың көрсеткіші талдау
5. Жарты жылдық жұмысының қорытындысы

ТЫНДАЛДЫ:

Балабақша меңгерушісі Н.Омарова педагогикалық кеңестің құрамына білім беру ұйымының басшысы (төрайымы), әдіскер, педагогтар, тәрбиешілер, психолог I-жарты жылдағы оқу-тәрбие жұмыстарына аналитикалық есеп беру айтты.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: әдіскер А.Туленова

I-жарты жылдықтағы білім дағдыларын диагностикалау. Аралық диагностика
Тәрбиешілер өз білімдерін көтеру бойынша жұмыс бағыттарын әр тәрбиешінің келелі мәселесіне жеке-жеке тоқталып өтті. Балабақша педагогтерге өздерінің алған мәселелері бойынша жоспарлары талқыланды

Тыңдалды : Ұйымдастырылған оқу қызметі «Асық терапиясы» қолдану туралы тәрбиеші М.Нускабаева баяндама оқыды.

Мектепке дейінгі ұйымда балаларды Мектепке дейінгі ұйымда балаларды дамыту, білім беру, тәрбиелеу мақсатында қолданылып келген педагогикалық технологиялар жеткілікті. Дүние жүзінде және елімізде қолданыста болып, балабақшадағы педагогикалық процеске ұлттық ойындарды кірістіру үрдіске айналып келеді. Салт – дәстүр ұлттың ғұмыр бойы жиган мәдениеті, ұлттың ұлт екенін әлем халықтары мойындаудағы төрт белгінің бірі. Біз асылы бар, жасығы бар, салтқа бай халықпыз.

Асық – ойыны сол бай салтымыздың бір дәстүрі. Кезінде қазақ шаруашылықпен жаппай шұғылданған тұсында асық – әр үйдің, әр ауыл балаларының, жастарының да бас қосуының негізі.

Қорыта айтқанда, «Рухани жаңғыру» бағдарламасында отансүйгіштіктің негізі ретінде туған жерге, ата дәстүрге, ұлттық құндылықтарға ерекше мән беру қажеттігі айтылады. Сондықтан да біз қазақ ұлттық ойындарын жаңғыртып, асық-терапияны насихаттап жүрміз. Бұл балаларды ұйымшылдыққа, достыққа баулиды, оның үстіне ол өте қарапайым әрі қолжетімді»

Асық терапиясының мектепке дейінгі балалардың дене, психологиялық және әлеуметтік дамуында орны ерекше, сонымен қатар оның көп функционалдық рөл атқаратынына көзіміз жетіп отыр. Бұл тек асық терапиясының бастапқы нұсқасы ғана. Келешекте мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту стандартына, үлгілік бағдарламаға сай барлық білім салаларында асық терапиясын қолдану мүмкіндігіне жол ашып, оны түрлендірудің теориясы мен әдістемесін дайындау және тұжырымдамалық негіздеу мақсатын қойып отырмыз.

Ойнай білген адамға асықтың пайдасы орасан зор. Асық ойыны адамды мергендікке, ептілікке баулиды. Бұған қоса аяқ-қолдың қимылын жақсартып, денсаулыққа көп пайдасын тигізеді.

Асық ойынына Бауыржан Момышұлы атамыз «Асық – үлкен халықтық тәрбие» деп баға беріп, жоғары билікке хат та жазған екен.

Шешім:

1. Өткен кеңестің қаулыларын орындалады
2. Балалардың жас ерекшелігін ескере отырып қабілеттері мен дағдыларының даму деңгейін қадағалау бойынша аралық мониторинг нәтижелерін қосымшаға сәйкес жасалсын.
3. Ұйымдастырылған оқу қызметтерінде, ойындарда «Асық терапиясы» қолданылсын.

Педагогикалық кеңес

Хатшы



Н.Омарова

А.Туленова

МКҚК «Хадиша ана» бөбекжай балабақшасының педагогикалық кеңестің

Хаттамасы №4

Өткізілген мерзімі: 12.01.20223ж

Қатысқандар саны-8

Күн тәртібі

1. «Таным» білім беру саласы бойынша балалардың ақыл-ой әрекетінің тәсілдерін жаттықтыру, табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты арттыру.

2. Танымдық қызмет біліктері мен дағдыларын дамыту, ақыл-ой әрекетінің негізгі жүйесін қалыптастыру.

Тыңдалды:

№4 педагогикалық кеңесті балабақша менгерушісі Н.Омарова ашық деп жариялады. Әдіскер А.Туленова педагогикалық кеңестің күн тәртібімен таныстырып өтті.

Бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері А.Туленова «Таным» білім беру саласы бойынша балалардың ақыл-ой әрекетінің тәсілдерін жаттықтыру, табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты арттыру» тақырыбында тақырыптық бақылаудың қорытындысына талдау жасады: «Балабақша ұжымы «Таным» білім беру саласының міндетін және жылдық міндеттемені жүзеге асыруда жұмыс жасауда. Бақылау барысында педагогтардың зерттеу жұмыстарын оқу қызметі барысында, серуенде және күн тәртібінің басқа да сәттерінде шығармашылықпен әртүрлі әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып жүргізетіні анықталды. Педагогтар бақылау, әңгімелесу, тәжірибе жасау және дидактикалық ойындарды қолдана отырып балалардың танымдық қызығушылықтары мен логикалық ойлау қабілеттерін дамытуда. Ауа – райының жағдайын анықтап, табиғаттағы маусымдық құбылыстарды бақылау дағдыларын қалыптастырады. Бұндай жұмыстар барлық топтарда, әр топтың жас ерекшелігіне сәйкес жүргізіледі. Топ

тәрбиешілеріне мультимедиялық технологияларды қолдану туралы ұсыныс айтылды.»

Екінші мәселе бойынша тәрбиешісі С.Жунисбекова «Балалардың танымдық құзыреттілігін дамыту барысында «Таным» білім беру саласы мен «Әлеумет» білім беру саласын кешенді ұйымдастырудың ерекшелігі» тақырыбындағы баяндамасын оқып, өзінің іс – тәжірибесімен бөлісті. «Балалардың қызығушылығын арттыруда, танымдық қабілеттерін дамытуда мақсатым:

- балалардың зейінін, ойлау, зерде үрдістерін дамыту

- қиялдарын ұштау

- тапқырлыққа жетелеу

- қызықты ойындар мен тапсырмаларды орындауға қызығушылығын арттыру.

Міндеттер

- балалардың ойлау әрекетін дамытуға ықпал ету

- логикалық ойындар арқылы білім, білік, дағдыларын қалыптастыру

- балалардың математикалық тілде сөйлеу қабілеттерін жетілдіру.

Баланың даму барысында таным белсенділігі артады. Мектеп жасына дейінгі (5-6 ж.) балалар заттарды түсіне қарап ажырата бастайды, олардың құрылысын, пайдалану тәсілдерін білгісі келеді. Балалардың бір нәрсені құмартып білуге талаптануын таным ынтасы дейді. Мектеп жасындағы балалардың таным ынтасын қалыптастыруда білім беру тәсілдерінің ерекше маңызы бар. Оқу барысында балалар түрлі заттардың, құбылыстардың мәніне, ғылыми ұғымдар мен заңдылықтарын терең түсінуге, алған теориялық білімдерін практикада еркін білуге үйренеді. Балалардың таным белсенділігі олардың шығармашылық іздену қабілетіне, тәрбиешілердің теориялық сауаттылығы мен шеберлігіне байланысты.»

Тәрбиеші А.Әбденбай балалардың зейіні мен байқағыштықтарын арттыруға арналған бірнеше ойындар мен жаттығулар түрлерімен таныстырды. Педагогтарға ойындар ойнатып, жаттығулар жасатты.

Көрме: «Таным»білім беру саласы бойынша дидактикалық және үлестірмелі материалдар

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы талаптарын жүзеге асыру жұмыстары осы бағытта жалғастырылсын. Баланың танымдық және логикалық ойлау қабілеттерін арттыру

мақсатында жүргізіліп жатқан барлық жұмыстар қанағаттанарлық деп есептелсін

Жауапты: әдіскер: А.Туленова.

2.«Таным»білім беру саласы бойынша дидактикалық және үлестірмелі материалдардан жасалған көрме қанағаттанарлық деп есептелсін,материалдар жинағы толықтырылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы

Хатшы



Н.Омарова

А.Туленова

МКҚК «Хадиша ана» бөбекжай балабақшасының педагогикалық кеңестің

Хаттамасы №5

Өткізілген мерзімі: 17.05.2023ж

Қатысқандар саны-8

Күн тәртібі

- 1.Өткен кеңестің шешімінің орындалуы,
II-жартыжылдықтағы балалардың тәрбие мен білім күзіреттілігін
қалыптастырудың қортынды мониторинг нәтижесі.
- 2.Тәрбиешілер портфолиосын реттеу.
- 3.Жазғы маусымға арналған іс- шараларды бекіту

- 1.Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі
Н.Омарова өткен кеңестің шешімдерін қаншалықты орындалғанын атап
айтты. Жіберген қателіктер мен кемшіліктердің орнын толықтыруды
ескертті.Сонымен қатар биылғы жылы мониторингтің өзгеше түрде яғни
Google Формада келіп бұл бақылау тікелей Ғылым және білім
министрлігінің бақылауында жүргізіліп жатқан естеріне тағы бір рет сала
кетті.
Балабақша әдіскері А. Туленова балабақшада II-жарты жылдықтағы
балалардың тәрбие мен білім күзіреттілігін қалыптастырудың қорытынды
мониторингі Google Формада жүргізіліп, есебі берілді. «Ақкөгершін»
ортаңғы топ тәрбиешілері А.Ескалиева,А.Султанбекова балалардың жеке
дамуына айрықша тоқталып өтті,мониторинг нәтижесінде баланың деңгейін
(I-II-III) көрсеткіші жайлы есеп берді.
- 2.Мәселе бойынша әдіскер: А.Туленова тәрбиешілердің биылғы жылы алған
жетістіктерін портфолиясын салып реттестірілгенін айтты.
- 3.мәселе бойынша балабақша меңгерушісі; Н.Омарова жазғы сауықтыру іс-
шараларының жоспары әдістемелік нұсқаулыққа сүйеніп жасалғанына
тоқталды.Ортаңғы ,кіші топтарының жазғы сауықтыруға арналған
перспектива циклограммаларын бекітті.

Шешім:

1. II-жартыжылдықтағы балалардың тәрбие мен білім күзiреттілігін қалыптастырудың қортынды мониторингінің есебі аудандық адами әлеуетті бөліміне жіберілсін.
2. Аттестация қажетті қызметкерлердің оның ішінде тәрбиешілердің партолиясы тағы бір рет көзден өткізіп реттелсін.
3. Жазғы сауықтыру іс-шаралары өз уақытында жоспар бойынша жүргізілуін қадағалауды әдіскер А.Туленоваға тапсырылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы

Хатшы



Н.Омарова

А.Туленова